

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (қызметтік жылқыларды) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 9 қарашадағы № 1017 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 қарашада № 30545 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 144) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (қызметтік жылқыларды) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі қоса ұсынылған нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру;

3) күнтізбелік он күн ішінде бірінші ресми жарияланғаннан күннен бастап осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдансын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (қызметтік жылқыларды) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2021 жылғы 31 наурыздағы № 184 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22475 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

Р. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

**Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (қызметтік жылқыларды)
пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери мүлкін (қызметтік жылқыларды) пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызметтік жылқыларды пайдалануды ұйымдастыруды нақтылайды.

2-тарау. Жылқыларды күтіп ұстау

2. Жылқыларды бағу дұрыс азықтандырумен, суарумен және олар күтіп ұсталатын үй-жайды күнделікті тазартумен жүзеге асырылады.

3. Жылқылардың күйін және қолдану қабілетін сақтау үшін ұдайы және жақсы күтім талап етіледі. Егер жылқы ұзақ уақыт пайдаланылмаса, күнделікті немесе күнара ұзақтығы 1 – 2 сағат аяң жүріспен жүргізіп (суытып) тұру қажет.

4. Жас жылқылар ерттеуге, жүгендеуге, жегуге, тазалауға және тағалауға біртіндеп үйретіледі.

5. Жылқыны жұмыста асаулығы мен болмысын ескере отырып, сақтықпен пайдалану керек, ол одан әрі жылқыны сақтауда және қолдану қабілетінде байқалады.

6. Жылқыларды жұппен жегу үшін күші мен қызбалығы бірдейді таңдау қажет.

7. Жылқы ұзақ уақыт қолданылмай қатты аязда тұрса, әрбір 3 – 4 сағат сайын ұзақтығы 15 – 20 минуттан аяң жүріспен жүргізіледі. Қатты ыстықта жылқаларға күннің және ыстықтың өтіп кетуін, олардың болдырып қалуына жол бермеу және оларды қолдану қабілетінде ұстау үшін уақтылы суарып тұру маңызды. Тұяқ мүйізгегі шамадан тыс құрғақ және шытынаған жылқылар ылғалды жерге орналастырылады, тұяқтарының табанасты қабаты тұяқтың сезімтал бөлігін зақымданудан және ауырудан сақтандыру мақсатында сумен ылғалдандырады.

8. Ауыру жылқыларды күту ветеринариялық мамандар нұсқаулары бойынша жүзеге асырылады.

3-тарау. Жылқыларды күтіп тазалау

9. Жылқыларды күтіп тазалау: терісін тазалауды, жалын, құйрығын тазалау мен таралауды, сондай-ақ тұяғын тазалау мен жууды қамтиды.

10. Суару аяқталғаннан кейін жылқыларды жылқы байлайтын ағашқа қысқа етіп байлайды және оларды тазалауға кіріседі.

11. Қысқы уақытта -150С төмен температура кезінде, сондай-ақ қарлы және жаңбырлы күндері жылқыларды тазалау ат қорада жасалады, бұл ретте оның бір жағында есік пен терезе ашық болады.

12. Жылқыны тазалау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылы 5 маусымдағы № 314 бұйрығымен бекітілген Бейбіт уақытқа арналған Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін ветеринарлық мүлікпен және қызметтік жануарлармен жабдықтау нормаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11645 болып тіркелген) сәйкес күтім құралдары пайдаланылады. Күтім құралдары әрбір жылқыға бекітіледі. Күтім құралдарына айына бір реттен сиретпей зарарсыздандыру жүргізіледі. Жылқыларды тазалау үшін арнайы киім ретінде халаттар беріледі. Олар ат қорада сақталады және кезең-кезеңімен (айына бір реттен сиретпей) зарарсыздандырылады.

13. Жылқылар щеткамен және мауытпен тазартылады. Түктеріне жабысып қатып қалған балшықтар алдын ала тазартылады.

14. Жылқының басын тазалау жалдан бастап жоғарыдан төмен қарай және құлағы мен көзі айналасында щеткамен жүргізіледі. Щеткамен тазалау көзіне тиіп кетпейтіндей абайлап жүргізіледі. Басын тазартып болғаннан кейін мойыны, алдыңғы сол жақ аяғы мен кеудесі тазартылады.

15. Жалы мен денесін тазартқан кезде щеткамен жылқының мойнын (кеудесін) бойлай алдымен жүні жығылған жағына қарсы (салмақ салмай), содан кейін жүні жығылған жағына қарай (салмақ салып) тазартылады. Щеткамен жүні жығылған жағына қарсы және жығылған жағына қарай әрбір сілтеген кезде бір жерді бірнеше рет щеткамен үйкелеуге жол бермей, тазартылмаған жаңа бөлікті қоса алу керек.

16. Щеткамен әрбір 3-4 рет сілтегеннен кейін щетка шаң мен қайызғақтан тазарту үшін ат тарақпен тазартылады. Ат тарақтан шаңды түсіруге, сондай-ақ щеткаға, белдеуге, астауға немесе цимбалинге ұрып тазартуға жол берілмейді.

17. Жылқының алдыңғы сол жақ аяғын тазарту жалы мен жауырынынан бастап, одан кейін төменгі жағы тазартылады. Кеудесінің сол жағы тазартылғаннан кейін сол жақ сауырыны және артқы сол жақ аяғы тазартылады.

18. Жылқының сол жағы тазартылып болғаннан кейін осындай ретпен оң жағы тазартылады.

19. Жылқыны щеткамен тазартып болғаннан кейін терісі мен түгінен қалған шаң мен қайызғақты тазалау үшін ылғал мауытпен сүртіледі. Мауытпен сүрту жылқыны щеткамен тазалау кезіндегі реттілікпен жүні жығылған жағына қарсы және жүні жығылған жағына қарай жүргізіледі. Бірнеше рет сүрткеннен кейін мауытты шелектегі

суға жуады және сығады. Жүні жылтырап тұруы үшін ылғалды мауытпен тек жүні жығылған жағына қарай сүрту және одан кейін щеткамен жүнін тарау керек. Одан кейін ылғал мауытпен аяқтарының арасы мен жыныс органдары сүртіледі.

20. Жылқы денесін тазартып болғаннан кейін оның жалы мен кекіліне, одан кейін құйрығына кіріседі. Тазалау мауытпен және щеткамен жүргізіледі. Жалы мен құйрығы тарақпен таралады.

21. Тазалау кезінде жалы мен кекілінің қылдары бұрымдар бойынша ажыратылады, таралады және таза ылғал мауытпен мұқият сүртіледі. Сонымен, бірітіндеп барлық жалы мен кекілі таралып сүртіледі. Одан кейін щеткамен жалды жоғарыдан төмен қарай, қылды бойлай тазартылады.

22. Жалды тазартып болғаннан кейін құйрығын ажыратады және тазартады. Құйрықты соңғы құйрық омыртқадан алдын ала бір қолмен ұсталады және шаңнан тазарту үшін бірнеше рет сілкілейді. Құйрық қылдарын ажырату жал сияқты жасалады. Құйрығын толық тарап болғаннан кейін ылғал және таза мауытпен, одан кейін таза щеткамен сүртеді. Тазарту аяқталғаннан кейін құйрықты ылғал мауытпен тағы бір рет ажыратады.

23. Құйрығы, жалы мен кекілі сабынды жылы сумен жуылады, одан кейін олар сыртқы түрі реттеледі (сәндеп қойылады): жалы мойнның үштен екі бөлігіне дейін, кекілі жоғарғы қабағына дейін, құйрығы (сыпырғы тәріздес) ұзындығы бойынша жағынан шабу буынынан екі алақан төмен түсіріледі. Мініс жылқылардың жалы сол жағына қарай, ал жүк арту жылқыларында (жұпты жылқыларда) жегілген орны бойынша сырт жағына қарай түсіріледі.

24. Ұзын және қалың жал, кекіл мен құйрық қысқартылады және қайырылып қойылады. Жалды сылап-сипау үшін оны кейде сумен сулайды және мойнын ат жабумен орап қояды. Жаңбырлы күнде жұмыс істеген уақытта қатты ластану болмау үшін жылқының құйрығын байлап қояды.

4-тарау. Жылқыларды жуындыру және шомылдыру

25. Жуындыру жылы сумен жүргізіледі және ол тазалауды ауыстырмайды. Суық уақытта жуындыру жылқының үсті кебетіндей, тек жылы үй-жайларда жүргізіледі. Дененің жуылған бөлігі мауытпен мұқият сүртіледі. Жуындырғаннан кейін қалтыраған жылқыларды желітіп немесе жеңіл жортақ жүргізіп қыздырады, одан кейін ат жабумен жабады.

26. Жазғы уақытта жылқыларды шомылдыру, ал шомылдыру үшін қолайлы суаттар болмаған кезде оларды жуындыру пайдалы гигиеналық тазалық құралы ретінде пайдаланылады. Шомылдыру мен жуындыру тек жануар денесін тазалықта ұстау үшін сонымен қатар организмді жалпы тыңайтуға ықпал етеді. Салқын тиюді болдырмау үшін жылқыларды су температурасы +18°C төмен емес кезінде жылы суға шомылдыру және жуындыру керек. Шомылдыру ұзақтығы 15-20 минуттан аспайды.

Шомылдырғаннан кейін жануардың денесінен суды қолмен мұқият сырғытады, одан кейін оны мауытпен жақсылап сүртеді. Өзенде немесе көлде шомылдыру үшін орын терең емес, жайпақ жағалы және судың түбі бірте-бірте тереңдейтін жерлер таңдады. Шомылдыру орнына дейін және одан кері қарай жылқыларды қысқа тізгінде жетелеп жүргізеді. Қызып және терлеп тұрған жылқыны, сондай-ақ оларды жемдегеннен кейін шомылдыруға жол берілмейді.

5-тарау. Жылқылардың тұяқтарын күтіп ұстау және тағалау

27. Жылқыларды әрбір тазалау, сондай-ақ жұмысқа шыққан кезде және жұмыстан қайтып оралғанда тұяқтары мұқият қарап тексеріледі және ластан тазартылады, тағаның жай-күйі тексеріледі.

28. Тұяқты тазалау және тағаны тексеру үшін жылқы қысқа арқанға байланады, алдымен алдыңғы, одан кейін артқы аяқтары тазаланады және қарап тексеріледі.

29. Тағаны тексеру кезінде: кертіктерінің тұтастығы, таға майысуының бар болуы, шегелердің тұтастығы, шегелердің (құлақты бұрандалардың) жоғарғы ұшында қабыршақтардың немесе үшкір қырлардың болмауы, құлақты бұрандалардың тұяқтың мүйізді қабырғасына тығыз бекітілуі тексеріледі.

30. Тағада ақаулықтар анықталғаны, сондай-ақ тұяқтар мүйізгегі жай-күйінің бұзылуы (жарықшақтар, тұяқтың бұзылуы) туралы әскери қызметшілер өз командиріне шұғыл баяндайды. Барлық тұяқтар тазаланғаннан және қарап тексерілгеннен кейін олар жуылады. Аптасына бір реттен сиретпей тағаны таға ұсталары қарап тексереді. Тағаланбаған қабыршақтанған немесе жансызданған тұяқтар кесіп тасталады. Одан кейін тұяқ мүйізгегі қабырғасының табандық жиектері барынша доғал болатындай егеленеді және қозғалыс кезінде шығып тұрмауға тиіс. Тұяқ мүйізгегі шамадан тыс құрғақ болған кезде тұяқ табанына ылғал мата қойылады немесе жылқы қоймалжың сазға тұрғызып оны жұмсартады. Жұмыста тұрақты пайдалану, сондай-ақ жайылымда күтіп ұстау жылқылар тұяқтарында қан айналымының қалыпты болуына және тұяқ мүйізгегінің дұрыс өсуіне ықпал етеді.

31. Тағалау үшін алдыңғы және артқы тұяқтарына тағалар және таға шегелері қолданылады. Мініс жылқыларының тек алдыңғы тұяқтары, ал жегілетін жылқылардың төрт тұяқтары тағаланады. Топырағы қатты жерлерде және тауларда тұрақты жұмыс істеген жағдайда мініс жылқыларының барлық төрт тұяғы тағаланады. Жылқыларды жайылымда ұзақ ұстаған уақытта, сондай-ақ ауырған уақытта олардың тағаларын алып тастауға жол беріледі.

32. Жазғы уақытта мініс және жегілетін жылқылар кертіксіз (тегіс) тағамен немесе аласа тұрақты не бұрандалы кертігі бар тағамен тағаланады. Жазда таулы жерлерде, сондай-ақ батпақ немесе қара топырақ кезінде айтарлықтай атмосфералық жауын-шашынды жергілікті жерде кертікті тағамен тағалауға жол беріледі.

33. Қысқы уақытта жылқылар кертiктi тағамен тағаланады. Мiнiс жылқылары екi артқы кертiгi бар: iшкi жағы – жазық, сыртқы жағы үшкiр тағамен тағаланады. Жегiлетiн жылқылар үш кертiгi бар: iшкi жағы жазық, сыртқы және iлгiш жағы үшкiр тағамен тағаланады.

34. Дұрыс нысанды тұяқтар 30-45 күнтiзбелiк күннен кейiн қайта тағаланады.

35. Тағалау уақытында жылқылар жанында сабырлы, батыл және сонымен қатар сак болады. Бұндай жағдай жылқылар сенiмдi, көнгiш және бағынысты болады. Ерекше жағдайларда мәжбүрлеу шараларын қолдануға: жоғарғы ернеуiне бұрау салуға немесе жылқыны жығып жатқызуға жол берiледi. Жылқының ернеуiне бұрау 5-10 минутқа салынады және тек бiраз уақыт өткеннен кейiн осындай уақытқа қайтадан қолданылады. Бұрау алынғаннан кейiн ернеуi мұқият сүртiледi. Тағалау таға ұстасында немесе ат байлайтын ағашта жүргiзiледi. Ат қорада тағалауға жол берiлмейдi.

36. Тағалау алдында тұяқ нысаны, тұяқ мүйiзгегiнiң жай-күйi, жылқының орнында тұрған кезде және қозқалыста аяқтарын дұрыс қою қарап тексерiледi.

37. Қарап тексеруден кейiн тұяқты тағалауға дайындайды, ол егер жылқы тағаланған болса, тұяқтан тағаны алуды және оны тазартуды қамтиды. Тұяқты тазалау табанынан, тұяқтың табандық жиегiнiң қабырғасынан артық өсiп кеткен жансызданған мүйiзгегтi алып тастауды қамтиды. Тазалау кезiнде жылқылар аяқтарын қою үшiн қалыпты болып табылатын тұяқтың сол нысаны сақталады.

38. Тұяқты тазалағаннан кейiн тағаны шақтайды. Шақтаған кезде таға тұяққа шақталады. Таға тұяқ пен таға арасында саңылаусын тұяққа нығыз орнатылады. Тағаны шақтау қыздыру немесе салқын тәсiлмен жүргiзiледi. Жылқылар ұстайтын бөлiмшелерде тағаны шақтаудың тек салқын түрi қолданылады, бұл ретте шақтау кезiнде оны қыздырып түзетiледi, ал тұяққа шақтау таға суығаннан кейiн жүргiзiледi. Салқын шақтауды жеңiлдету үшiн алдын ала әрбiр жылқыға қосалқы тағалар таңдалады және ұста шеберханасында жылқылар тұяқтарына шақтап жасалады.

39. Таға тұяққа таға шегелерiмен бекiтiледi. Таға шегелерiнiң ұшы жоғарғы мүйiзгек қабырғасының үстiңгi бетiне тегiс шығып тұрады. Мүйiзгек қабырғасының үстiне шығып тұрған шегелер ұшы шегелердiң (кұлақты бұrandаның) қалған бөлiгi ұзындығы бойынша шегенiң енiне тең болатындай қырқып тасталады. Шегелердi қырқып тастағаннан кейiн таға тұяқ табанына тартылады, ал одан кейiн құлақты бұrandалар бүгiледi және қорғалады. Жылқыны тағаланнан кейiн жай жүрiспен және жортақтап жүргiзiледi, егер ол ақсандаса немесе аяғының бiреуiн басуға қорықса, онда жылқыны ветеринар дәрiгер (фельдшер) ақсандау себептерiн анықтау үшiн қарап тексередi.

40. Тағаның жай-күйiн бағалау кезiнде тұяқты дұрыс тазалауға, тағаны шақтауға және бекiтуге назар аударылады.

41. Тағалау, егер:

1) тұяқ мұқият тазаланғанда және оның қалыпты нысаны сақталғанда;

2) таға тұяқ нысанына сәйкес келгенде және табаны мен қабырғасына тимей мүйізгек қабырғасы табандық жиегіне нығыздалып орнатылғанда;

3) таға ілгекті және бүйір қабырғалары 0,5-1 миллиметр тұяқ астынан шығып тұрғанда, ал табан қабырғалары тұяқтан 3-5 миллиметр жалпақ және одан 4-8 миллиметр ұзын болғанда;

4) шегелер тұяқ мүйізгегі қабырғасының сыртқы бетіне тегіс және оның биіктігінің үштен бірінен жоғары шығып тұрғанда және бір-бірінен бірдей қашықтықта, тұяқ табаны жиегінен 2 сантиметр төмен болмайтындай сызықта орналасқанда;

5) құлақты бұрандалар нығыз қағылып, мүйізгек қабырғасы үстінен аздап көрініп тұрғанда;

6) шегелер басы тағаның белгіленген жерлеріне терең қағылғанда, тағаның астыңғы бетінің деңгейінде орналасқанда дұрыс тағаланды деп саналады.

42. Шалмасы бар немесе тұяқ нысаны дұрыс емес жылқылар үшін ветеринар дәрігердің нұсқауы бойынша арнайы тағалау қолданылады.

6-тарау. Қызметтік жылқыларды азықтандыру

43. Жем-шөпті дайындау ветеринариялық тұрғыдан қолайлы жерлерде (шаруашылықтарда) жүргізіледі. Жабдықтылымға келіп түсетін барлық жем-шөпті ветеринариялық дәрігер куәландырады, ол жем-шөпке құжаттарды тексереді, оны қарайды, сапасын айқындайды және содан кейін ғана азықтандыруға рұқсат етеді.

44. Жылқыларға арналған жем-шөптің негізгі түрлері сұлы, арпа, шөп пен сабан болып табылады. Одан басқа, тәуліктік рационға міндетті түрде ас тұзы енгізіледі. Жылқының үлесіне берілетін жем-шөп оның құнарлылығы мен сапасын айқындайтын кондицияларға (техникалық шарттарға) жауап береді. Азықтың сапасын қамтамасыз ету үшін оларды дұрыс сақтаудың маңызы зор. Бөлімшелерде дәнді жем-шөп пен аралас жемге арналған қоймалар, шөп пен сабанға арналған қалқан жабдыкталады. Шөп ақаусыз су өткізбейтін шатыры бар қалқанның астында сақталады. Тығыздалған шөп қатарға салынады, ал үгінділері маяларға үйіледі. Қоймалық үй-жайларда тазалық сақталуға тиіс. Күн сайын жұмыстан кейін еден мұқият сыпырылады және төгілген жем жиналады. Қамбалық зиянкестер мен кеміргіштердің пайда болуы мен таралуының алдын алу мақсатында жылына 2 реттен сиретпей қойманың барлық үй-жайларына толық дезинфекциялау мен дератизациялау жүргізіледі.

45. Жем-шөпті үй-жайлардан тыс ашық алаңдарда уақытша сақтауға жол беріледі. Бұл ретте алаңдар тегістелген, қоқыстан, шөп пен бұталардан тазартылған, тақтайдан немесе басқа да материалдан жасалған төсенішпен тапталған және жабдыкталған болуға тиіс. Жаңбырдан қорғау үшін жиналған жем-шөп брезентпен жабылады, ал алаңның айналасында оның шетінен 1 метр қашықтықта тереңдігі 20-25 сантиметр жыралар қазылады. Шөпті ашық алаңдарда үш айдан астам сақтауға жол берілмейді. Қоймадан жем-шөп беру жылқылардың бар санына тәуліктік норма мөлшерінде

жүргізіледі. Жылқылардың әрбір жыныстық-жас тобы үшін жем-шөптің тиісті тәуліктік нормалары белгіленеді.

46. Жылқы оған тиесілі сұлының тәуліктік нормасымен тең порциялармен күніне үш рет: жылқыларды әрбір тазалағаннан кейін таңертең, түсте және кешке азықтандырылады. Сұлы оттықтарға салмақ бойынша немесе арнайы белгіленген мөлшермен салынады, оларға жемнің белгілі бір салмақ мөлшеріне сәйкес келетін бөлулер түсірілген.

Жылқыларға жем азығымен азықтандыра алдында ең алдымен су беріледі.

47. Ат қорада күтіп ұстау кезінде жем барлық жылқыларға бір мезгілде оттықтарға төгіледі. Далалық жағдайларда жылқыларға жем дорбаларда беріледі. Әрбір дорбаның жылқының лақап аты көрсетілген биркасы болады. Жеммен азықтандырғаннан кейін дорбалар кептіріледі, олар аптасына кемінде бір рет жуылады.

48. Жемді көп мөлшерде жейтін жылқыларға жемге жемнің бір бөлігіне тураманың екі бөлігі есебінен туралған шөпті немесе жазғы сабанды қосу қажет. Туралған шөптің ұзындығы шамамен 3 сантиметр. Жылқыларды тікелей азықтандыра алдында туралған шөп жылы сумен дымқылданады.

49. Жылқылар қыста және ауыр жұмыс істеген кезеңде жем азығына туралған шөпті қосу қажет.

50. Жылқыларға шөп кәдімгі жағдайларда тәулігіне кемінде алты рет беріледі және ол оттықтарға тең порциялармен салынады. Далалық жағдайларда жылқыларға шөпті тәулігіне кемінде үш рет беруге жол беріледі. Шөпті брезенттің, шөптің үстінен және болмаған жағдайда жерге алдын ала бұтақтар мен шыбықтарды төсеп жегізу керек.

51. Жылқыларға тұз азық ретінде күн сайын құрғақ немесе ерітілген түрде беріледі. Тас болып қатып қалған тұзды үш тәулік беру мөлшерінде "жалағыш" түрінде оттыққа салуға жол беріледі. Ірі тұз ерітілген түрде беріледі, бұл ретте ол таза суда ерітіледі және алынған ерітіндімен шөп жылқыларға тікелей берер алдында суландырылады.

7-тарау. Жылқыларды жаю

52. Жазғы уақытта жылқылардың рационына көк жемді (көк шөп пен бедені) енгізген пайдалы. Жылқылар оттықтардан тәулігіне 20-50 килограмм көк жеммен азықтандырылады немесе түнде табиғи және жасанды жайылымдарда жайылады. Жылқыларды жас нәрлі шөпті, әсіресе бедені сабан кесінділерімен араластырып азықтандыру қажет.

53. Бөлім командирі жылқылар құрамын инфекциялық аурулар бойынша қолайлы жергілікті жерде жаюға рұқсат етеді.

54. Жылқыларды жайылымға ауыстыру, сол сияқты олардың рационына жас шөпті енгізу біртіндеп күнтізбелік 5-6 күн ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте жылқылардың

күйлілігіне, жұмыс жүктемесінің сипатына, сондай-ақ жайылымның сапасына байланысты сұлының тәуліктік нормасы үштен бір бөлігіне, ал шөп жартылай азайтылады.

55. Жылқылар таңертең шық кепкеннен кейін жайылымға шығарылады. Жылқылар жұмыстан кейін кептірілген және тыныққан соң 30-40 минуттан кейін жайылымға шығарылады. Шабылған шөпті (бедені) тек жас күйінде беруге жол беріледі. Жылқыларды солып қалған, күйген шөппен азықтандыруға жол берілмейді, өйткені бұл асқазан-ішек жолдарының ауруына әкеп соқтырады.

56. Жайылымды тоқтату және жылқыларды құрғақ жем-шөптің әдеттегі нормасына қайта ауыстыру біртіндеп күнтізбелік 5-6 күн ішінде жүргізіледі.

8-тарау. Жылқыларды суару

57. Жылқыларды температурасы $+5^{\circ}\text{C}$ -тен төмен емес таза сумен ішкі тәртіпте көзделген сағатта суару қажет.

58. Жылқыларды әрбір тазалау алдында азықтандырғанға дейін 20-30 минут бұрын суарады.

59. Суару әрбір жылқыға жеке бекітіліп берілген шелектен жүргізіледі. Су су құбырлары крандарынан алынады. Су құбыры болмаған кезде жылқыларды ат қорадан тыс жерде орналасқан суат кірлендерінен суаруға жол беріледі.

60. Жылқыларды тығыз жабылатын қапқатары бар кірлендерден топпен суаруға жануарлардың инфекциялық аурулары бойынша қолайлы болған жағдайда ғана жол беріледі.

61. Жылқыларды, әсіресе ұзақ және ауыр жұмыс кезінде организмдегі ылғал шығысы өте көп болған жағдайда емін-еркін суару қажет. Ұзақ жұмыстан шаршаған жылқы кейде суға қанбағанша, шөптен мүлдем бас тартады. Қызған және терлеген жылқыларды жұмыс аяқталған соң олардың денесі кепкеннен және демалғаннан кейін, яғни 30-40 минуттан кейін суару қажет.

62. Далалық жағдайларда аттар нарядтары қызмет атқарған кезде жылқыларды суару өзендерден және басқа да ағып жатқан су тоғандарынан жүзеге асырылады. Жылқыларды шалшықтан, тұрып қалған тоғаннан, батпақты судан және басқа да лас су тоғандарынан суаруға жол берілмейді.

63. Өзеннен суару үшін жағалары жайпақ, өткелдерден және жергілікті тұрғындардың жануарлары суарылатын орындардан алыс жерлерді таңдау қажет. Өзеннің жоғары ағысында су ішіп жатқан жылқылар төменгі ағысындағы жылқылардың суын лайламай, жағада тұрып ішуі үшін жылқыларды өзенге кезекпен апару қажет. Егер суат орны таяз болса, тартпаны босату керек.

64. Ыстық уақытта жылқыларды жолда жиі суарып тұру және суарғаннан кейін жай жүруді жалғастыру қажет. Ішуге жарамды су көздері аз шөлейтті және биік таулы

аудандарда жылқыларды суаруды ұйымдастыру үлкен қиындық туғызады және жылқыларды шектеулі су нормасында ұстайды. Алайда бірнеше күн бойы жүйелі түрде суды шектеу организмдегі физиологиялық процестің күрделі бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін. Жыл мезгіліне және жұмыстың ауырлығына байланысты жылқы судың мынадай ең қажетті орташа тәуліктік нормасымен уақытша қамтамасыз етіледі: қалыпты жұмыс кезінде 9-10 литр, ауыр жұмыс кезінде 20-25 литр. Осы нормаларды қысқарту жылқылардың күйлілігі мен жұмыс қабілетінің тез төмендеуіне әкеп соқтырады.

9-тарау. Жылқыларды қабылдау

65. Жылқыларды іріктеу кезінде олардың сапасын айқындаудың негізгі тәсілі сыртқы тұрпатын қарап-тексеру болып табылады, процесінде жауардың дене бітімі мен экстерьері бағаланады.

66. Кулешов-Ивановтың жіктемесі бойынша жылқылар дене бітімінің негізгі түрлері мынадай көрсеткіштермен сипатталады:

дене бітімі мығым – жылқылардың барынша барлық түріне тән. Осындай жануарлардың сүйегі мықты, бұлшық еттері жақсы дамыған, семіздігі тұрғысынан орташа, терісі тығыз, орта жастағы жылқылар.

дене бітімі қалың шымыр (арық) – дала және орман тұқымдас жылқыларға тән, олардың терісі қалың тығыз, сүйегі шомбалдай, бұлшық еттері дамыған және жалы, құйрығы, шашасы ұзын;

дене бітімі қалың борбас (бос) ауыр жүк арту тұқымдас жылқыларға және олардың будандастарына тән. Олар шомбалдылығымен, тері астындағы дәнекер ұлпасы жақсы дамыған қалың терісімен, бос көлемді бұлшық еттермен, сүйектерінің ірілігімен және буындарының әлсіздігімен сипатталады;

дене бітімі жұқа арық – оңтүстік (ақалтеке, араб) тұқымдас жылқыларға тән. Жылқылардың бұл түрінің басының жеңілдігімен, терісінің жұқалығымен, тері астындағы дәнекер ұлпасы нашар дамыған, буындары мен сіңірлері жақсы дамыған, жалы, құйрығы, шашасы қысқа болуымен ерекшеленеді;

дене бітімі жұқа бос – терісінің жұқалығымен, сүйегінің ұсақтығымен, бұлшық еттерінің бастығымен, аяқтарының буындары мен сіңірлерінің әлсіздігімен, жалының, кекілінің, құйрығының, шашасының қысқа болуымен сипатталады.

67. Экстерьер – барлық жеке ерекшеліктерімен бірге малдың сыртқы түрі мен дене бітімі. Ат денесінің сыртқы бөліктері бойынша (экстерьер), бітіміне (бөліктеріне) қарай, семіздігі мен тер қабатының жай-күйі бойынша аттың денсаулығы, оның күтіп ұсталуы мен пайдаланылуы анықталады. Сыртқы түрі бойынша жылқының денесі мынадай негізгі бөліктерге бөлінеді: басы, мойны, кеудесі мен аяқтары.

68. Бөлімшелерге жылқыларды қабылдауды жылқыларды алу үшін тағайындалған командалар оларды сатып алу орындарында жүргізіледі. Жылқыларды қабылдау үшін

әскери бөлім командирдің бұйрығымен жөндеу комиссиясы тағайындалады. Комиссияның құрамына қаржы және тыл қызметтерінің өкілдері, мал дәрігері кіреді.

69. Таңдап алынған жылқылар мұқият ветеринариялық қарап тексеруден өтеді. Қандай да болсын кемістіктері мен кемшіліктері белгілі болған жылқылар бірінші кезекте тексеріледі. Жылқылардың сыртқы қарап тексеруі аяқталғаннан кейін шабысы мен жылдамдыққа тексеріледі, ақсаңдамауы, көзінің жай-күйі, тыныс алу типі, жүрегінің жағдайы айқындалады.

70. Әлсіз жылқылар, крипторх құлындар, буаз биелер, үш айға толмаған құлыны бар биелер, шөрке тұяқтары бар тістейтін жылқылар, сондай-ақ негізгі ақаулар мен кемістіктерінің бірі бар жылқылар қабылданбайды.

71. Жылқыларды қабылдаған кезде жылқылардың қызмет талаптарына сәйкес келуіне және ақаулары, аурулары мен кемістіктері болмауына назар аударылады.

72. Жылқыларды қарап тексеруді және оны қабылдауды ұйымдастыруды орнында жөндеу комиссиясының төрағасы белгілейді. Әрбір жылқыны қабылдаған кезде жөндеу комиссиясы:

- 1) оның қызметке жалпы жарамдылығын;
- 2) жылқының денсаулық жай-күйі және ветеринариялық-санитариялыққа қатысты жылқының да, шаруашылықтың да саулығын, аттың қайдан келгенін;
- 3) жасын;
- 4) бойын;
- 5) сапасын;
- 6) құнын;
- 7) ветеринарлық құжаттың бар болуы: жылқыға (импорт кезінде) ветеринарлық анықтама, ветеринарлық сертификат (денсаулығы және жұқпалы аурулар бойынша шығу орнының эпизоотикалық салауаттылығы туралы растайтын);
- 8) маллеинизациялау және сібір жарасына қарсы егілген соңғы күні көрсетілген, жылқылардың ветеринарлық паспортының болуы айқындалады.

73. Жылқының қасиетін және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін оның жарамдылығын жөндеу комиссиясының бүкіл құрамы айқындайды. Жөндеу комиссиясы мүшелерінің арасындағы келіспеушілік болған кезде түпкілікті шешімді төраға қабылдайды.

74. Жылқының денсаулық жай-күйі мен ветеринариялық-санитариялыққа қатысты жарақаттанбауы бойынша жарамдылығын айқындау тек қана жөндеу комиссиясының мал дәрігеріне жүктеледі. Осыған қатысты оның шешімі түпкілікті болып табылады. Жөндеу комиссиясы қабылдау актісін жасайды, оны әскери бөлімінің командирі бекітеді және ол қаржы қызметіне тапсырылады.

75. Жылқыларды қабылдау кезінде ветеринариялық дәрігер Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы маусымдағы №7-1/587 бұйрығымен бекітілген

(нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген) сәйкес клиникалық қарап тексеруді және ветеринариялық іс-шараларды жүргізеді.

76. Жөндеу комиссиясы қабылдайтын жылқылар олардың қасиеті бойынша үш санатқа бөлінеді: өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық.

77. Өте жақсыға осы нұсқаулықтың талаптарына сәйкес дұрыс экстерьердегі жылқылар жатады.

78. Жақсыға өте жақсы жылқыларға, бірақ оларда дұрыс экстерьерден шамалы ауытқумен жылқыларға қойылатын талаптарға жауап беретін барлық түрдегі жылқылар жатады.

79. Қанағаттанарлыққа жөндеу комиссиясы қабылдаған және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қызмет үшін талаптарға жауап беретін барлық қалған жылқылар жатады.

80. Қабылданған жылқылардың жалы мен құйрығына реттік нөмірі бар тақтайша қоса өріледі.

81. Жүру жолында жылқыларға еріп жүру үшін:

1) жылқыларды 1000 км дейінгі арақашықтыққа тасымалдау кезінде – төрт жылқыға 1 адам;

2) 1000 км артық тасымалдау кезінде – 3 жылқыға бір адам тағайындалады;

3) асау жылқыларды тасымалдау кезінде еріп жүретін адамдардың саны 20%-ке ұлғаяды.

82. Тәуліктік нормадан сұлы алып тасталады. Жүру жолында жылқыларға тәулігіне: 13 килограмм шөп, 1,5 килограмм сабан, күзгі-қысқы кезеңде тасымалдау кезінде – 15 килограмм шөп және 1,5 килограмм сабан беріледі.

83. Әкелінген барлық жылқылар клиникалық қарап тексеруден өтеді, 30 тәулік ішінде карантинде ұсталады. Карантин кезеңінде жылқылар міндетті түрде екі рет көз маллеинизациясынан, бруцеллезге және трипанозомозға қан талдауынан өткізіледі. Әрбір жылқыға ветеринариялық кітапша және лазареттік парақ жүргізіледі.

84. Жылқыларды күтіп ұстау үшін карантиндік команда тағайындалады, оның құрамы тұрақты болып табылады. Карантин кезеңінде жылқыларға күнделікті екі сағаттық жетектеп жүру белгіленеді, олар ақырдан жем жеуге, шелектен су ішуге үйретілтеді. Бірітіндеп сұлы жеуге үйренеді.

85. Жөндеу жылқылары бөлімшелерге жылқыларды тасымалдау үшін жабдықталған автомобильдерде жеткізіледі. Шанақтың көлеміне байланысты автомобильмен 3 – 8 жылқыға дейін тасымалданады.

86. Автомобиль шанағын арнайы жабдықтау қосымша борт тақтайларынан, жылқыларды байлауға арналған көлденең цымбалиннен, артқы көлденең қалаудан тұрады.

87. Жылқыларды автомобиль және теміржол көлігімен тасымалдау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12463 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 545 бұйрығымен бекітілген Жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтілімдерін темір жол көлігімен тасымалдау қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13714 болып тіркелген), сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 29 мамырдағы № 7-1/496 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды жүзеге асыру қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11845 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

88. Мынадай кемістіктері мен кемшіліктері:

1) көз қарашығына қарсы және көруге кедергі жасамайтын шел болса, шамалы кезеңдік сызық (крепитациялар);

2) грифель сүйегінің шамалы өсуі, сондай-ақ қозғалуына кедергі жасамайтын, сіңірден алыс тұрған үлкен емес сүйек үсті ісік.

3) мықты аяғы мен таза сіңірлері кезінде шамалы туа біткен аяғы қисайған жылқыларды қабылдауға жол беріледі.

10-тарау. Жылқыларды жарамсыз деп тану

89. Әскерлердегі жылқылар қызметінің шекті жасы 12 жасты құрайды. Теңіз деңгейінен 1500 метр биіктіктегі тауларда – 10 жас. Жыл сайынғы жарамсыз деп танудың шекті проценті жылқы құрамының нақты санынан 8% құрайды. Көрсетілген жасқа жеткен, дене бітімінің қасиеттері бойынша қолдану үшін жарамды жылқылар қызметте пайдаланылуы мүмкін. Оларға барлық үлестің түрі сақталады.

90. Жылқыларды жарамсыз деп тану жылқылар құрамына диспансерлік қарап тексеруді өткізгеннен кейін жылына екі рет көктемде және күзде жүргізіледі.

Жылқыларды жарамсыз деп тануды әскери бөлім командирінің бұйрығымен айқындалатын комиссия жүзеге асырады.